

Шымкент қаласының аумағында жолаушылар мен багажды қалалық қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдауға сараланатын тарифті белгілеу туралы

Күшін жойған

Шымкент қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 27 қазандағы № 650 қаулысы. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2020 жылғы 27 қазанда № 137 болып тіркелді. Күші жойылды - Шымкент қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 6883 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шымкент қаласы әкімдігінің 30.12.2024 № 6883 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 19 бабының 2-1 тармағына сәйкес, Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шымкент қаласының аумағында жолаушылар мен багажды қалалық қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдауға сараланатын тариф келесі мөлшерде белгіленсін:

1) электрондық жол жүру картасы немесе электрондық төлемнің қосымша қызметтері арқылы қолма-қол ақшасыз жол ақысын төлеу кезінде – 70 (жетпіс) теңге;

2) жол ақысын қолма-қол ақшамен төлеу кезінде – 100 (жүз) теңге.

2. "Шымкент қаласында жолаушылар мен багажды қалалық қатынаста автомобильмен тұрақты тасымалдаудың бірыңғай тарифін белгілеу туралы" Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 15 сәуірдегі № 707 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3718 тіркелген, 2016 жылы 12 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Шымкент қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін Шымкент қаласында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарына жіберуді;

3) осы қаулы ресми жариялағаннан кейін, оны Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің орынбасары М. Исаховқа жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласының әкімі

М. Айтенов

"КЕЛІСІЛДІ"

Шымкент қаласы

мәслихатының хатшысы

_____ Ғ. Ташқараев

2020 жыл " __ " _____